

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.341-342

БИОЛОГИЯЛЫҚ ЕГІНШІЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ТҮЙЕЖОҢЫШҚА СИДЕРАТЫН ЖӘНЕ РЕСПЕКТ ПРЕПАРАТЫН БИОПРЕПАРАТЫН ҚОЛДАНУЫДАҒЫ НОҚАТТЫҢ ӨСІП ЖЕТІЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Нурсағиева М.

Еліміздің аграрлық саласын дамытуға арналған аса маңызды құжаттың қабылдануы, әрине, бұл саланың көрігін қыздырып, жұмысын жандандыра түсуге зор ықпалы болар деген сенімдеміз. Себебі, алдағы 8 жылға жоспарланған бағдарлама ауыл шаруашылығының жаңа тынысын аша түсер ауқымды шараларды қамтып отыр.

2013-2020 жылдарға арналған агроөнеркәсіп кешенін дамытудың салааралық «Агробизнес-2020» бағдарламасы еліміздің ДСҰ-ға келешекте кіруі қарсаңында, сондай-ақ Кеден одағы жағдайында бәсекелестіктің күшеюіне байланысты әзірленіп отыр, дейді мамандар.

Үкімет отырысында бағдарламаның негізгі мақсаттары мен тапсырмалары туралы баяндаған Ауыл шаруашылығы министрі А.Мамытбеков бағдарлама қаржы жағдайын сауықтыруға, агроөнеркәсіптік кешен үшін тауарлар, жұмыстар мен қызмет көрсетулерге қолжетімділікті арттыруға, АӨК субъектілерін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйелерін дамытуға, сонымен қатар, саланы мемлекеттік реттеу жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталғанын айтқан болатын[1].

Сидеранттарды қолдану топырақ құнарлығын арттырудың агротехникалық тәсілдердің бірі. Сидерант ретінде бөрі бұршақ, сераделла, сиыржоңышқа, эспарцет, тригонелла, чина,қыша, шабдар, нут сияқты дақылдарды пайдаланады[1]. Олардың тамырлары мен ризосферадағы болатын түйнек бактерияларының көмегімен атмосферадағы азотты байланыстырып, бұршақ өсімдіктері топырақтың құнарлығын арттырады. М.В.Федоровтың деректеріне қарағанда, бөрі бұршақ әр гектарға есептегенде 400 кг-ға дейін атмосфералық азотты сіңіреді, жоңышқа-140, түйежоңышқа-100, майбұршақ-150 кг шамасында сіңіреді, сөйтіп көп мөлшерде топырақта байланысқан азот қалдырады, топырақ құнарлығын жоғарлатады[2,3].

Түйежоңышқа *Melilotus* туыстығына жатады,оның құрамына біржылдықтардың 16 түрі кіреді. Түйежоңышқаның маңызды екіжылдық екі түрі бар:ақ(*M.Albus*) және сары (*M.Officinalis*).

Түйежоңышқа егістігі ауруларға және зиянкестерге өте төзімді. Оның екінші жылдығын сидерант ретінде егіншілік жүйесінде қолданады[5]. Дұрыс қолданылған сидерант рациональдық деңгейде өнім беріп экономикалық шығынды азайтады[6].

Биологиялық егін шаруашылығы-бұршақ тұқымдас және аралық дақылдарды кеңінен пайдаланатын ауыспалы егістерді ендіру, топырақты өндегенде оның биологиялық әрекеттілігін сақтау, минералды тыңайтқыштарды қолдануды күрт азайтып, қордаланған органикалық тыңайтқыштарды, сидераттарды кеңінен пайдалану, арамшөптер, ауру түрлерімен зиянкестерге қарсы жұмыстар жүргізу, механикалық, биологиялық әдістермен күресу, табиғи ортаның тепе-теңдігін

қамтамасыз ету, өндіріс айналымының барынша тұйықталған түрін қолданып, жоғарғы сапалы және экологиялық тұрғыдан таза азық-түлік өнімдерін өндіру [6].

Егіншіліктің бұл түрі химиялық заттарды мейілінше аз мөлшерде қолданып сапалы өнім алу болып табылады. Биологиялық егіншілік Еуропа және дамушы мемлекеттерде кең қолданысқа еніп жатыр.

Биологиялық егіншіліктің негізгі мақсаты –үнемі қымбаттап бара жатқан қуат көздерінен ауыл шаруашылығының тәуелділігін азайту болып есептеледі[7,8]. Биопрепараттардың әсері өсімдіктің төзімді және сапалы өнуіне тікелей әсер етеді. Биопрепараттардың химиялық заттардан айырмашылығы ол өнімнің құрамын өзгеріссіз қалуына басты коэффициенттің көрсеткішін сақтап қалады [8,9].

Биопрепараттарды кешенді қолдану арқылы егістік дақылдардың өнімін өсіріп, зиянкестерді жоюға болады. Ауруға төзімділік биопрепараттарды қолданған кезде екі есеге өседі [9].

Әдебиеттер тізімі

1 Елешев Р., Сапаров А., Балғабаев Ә., Туктугулов Е. Агрехимия және тыңайытқыштарды қолдану. Агроунивер, 2010. Б 224-225

2 Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М, Алушев А.Қ. Дәуір. 2011. 418 б.

3 Можаяев Н.И., Серікпеев Н.А., Стыбаев Ғ.Ж, Жұмағұлов И.И., Тайжанов Ш.Т., Кенжеғұлова С.О. Мал азығын өндіру. Алматы, 2011. Б 288-290

4 Фенолог А, Стрижев А, Журнал «Наука и жизнь» №2 1971

5 ЛуневааЕ. Электронная библиотека диссертаций мелиорация, рекультивация и охрана земель. - 1999.

6 Әуезов Ә.Ә, Атақұлов Т.А., Сүлейменова Н.Ш., Жаңабаев Қ.Ш. Егіншілік оқулық Алматы 2005. 338-339 б.

7 Электронды русурстар :<http://cyberleninka.ru/article/n/biopreparaty-v-sovremennom-zemledelii-1#ixzz4b7kPYx00>

8 Оказова З.П., Березов Т.А. Рекомендации по применению биопрепаратов в семеноводстве кукурузы. Рекомендации. - Владикавказ: Изд-во СОГПИ, 2013. Б 16

9 Басаев Б.Б., Баскаев С.А. Система ведения агропромышленного производства. -Владикавказ, 2002. Б 563.

Ғылыми жетекшісі: А.А.Ногаев, PhD, аға оқытушысы